

**"Балалар ауылындағы отбасы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 1613 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 367 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 7 маусымдағы № 374 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.06.2022 № 374 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Балалар ауылындағы отбасы туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 1613 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 47, 550-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**";

көрсетілген қаулымен бекітілген Балалар ауылындағы отбасы туралы ереже осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 29 наурыздағы  
№ 367 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2001 жылғы 11 желтоқсандағы  
№ 1613 қаулысымен  
бекітілген

**Балалар ауылындағы отбасы туралы ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы Балалар ауылындағы отбасы туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) "Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдер үйлері туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 желтоқсандағы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Балалар ауылы әрқайсысында жасы он сегізге дейінгі жастағы жетіден онға дейін тәрбиеленуші бала тұратын және тәрбиеленетін бірнеше отбасыдан, сондай-ақ балалар үйлерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың түлектері мен балалар ауылының жиырма үш жасқа дейінгі тәрбиеленушілері белгілі бір кезеңде тұруға арналған жасөспірімдер үйлерінен тұрады.

3. Отбасы мен балалар ауылы әкімшілігінің өзара қарым-қатынастары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен балалар ауылының әкімшілігі туралы ережеге сәйкес анықталады.

4. Балалар ауылындағы отбасы – балаларды тәрбиелеудің жаңа нысанынан туындайтын, отбасылық қатынастарды нығайтуға және еңбек дағдыларын сіңіруге, оқыту мен тәрбиелеуге ықпал етуге бағытталған жеке мүліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысты адамдар тобы (тәрбиеші ана, тәрбиеленушілер).

5. Қорғаншылық және қамқоршылық органдары отбасылық үлгідегі балалар ауылдары мен жасөспірімдер үйлеріне тәрбиеленуші балалардың білім алуына және оларды тәрбиелеуде, емдеу-профилактикалық және психологиялық-диагностикалық жұмыста әдістемелік көмек көрсетуге, сондай-ақ олардың бағып-күтілуі, тәрбиеленуі мен білім алуы жағдайларына бақылауды жүзеге асыруға, тәрбиеші аналарға психологиялық-медициналық-педагогикалық мәселелер бойынша консультациялар беруге міндетті.

## **2. Тәрбиеші ананың құқықтары мен міндеттері**

6. Тәрбиеші ана қызметке білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен Отбасы үлгісіндегі балалар ауылындағы тәрбиеші ана қызметіне конкурс өткізу тәртібі туралы ереже негізіндегі конкурстық іріктеудің нәтижесінде отбасы үлгісіндегі балалар ауылы әкімшілігі басшысының бұйрығымен тағайындалады.

7. Тәрбиеші ананың құқықтары мен міндеттері оның балалар ауылының әкімшілігімен жасалатын жеке еңбек шартымен бекітіледі.

Негізгі міндеттері:

1) балаларды тәрбиелеу, оның денсаулығына, дене, психикалық, адамгершілік және рухани дамуына қамқорлық жасау;

2) отбасында адамгершілік-рухани және үй ахуалын жасау жөнінде өзіне жүктелген міндеттерін адал орындау;

3) балаларды олардың ой-пікірлерін, балалар ауылы әкімшілігінің ой-пікірін және қорғаншылық және қамқоршылық органдарының ұсынымдарын ескере отырып, тәрбиелеу тәсілдерін айқындау;

4) білім беру ұйымын және оқыту нысанын таңдау;

5) балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алуы үшін жағдайды қамтамасыз ету;

6) өзіне берілген Заңның 16-бабының 4-тармағының 1), 2), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бала құжаттары көшірмелерінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

8. Еңбек демалысы кезінде, ауырған және басқа да дәлелді себептермен болмаған кезінде тәрбиеші ананың қызметін заңнамада белгіленген тәртіппен резервтегі тәрбиеші ана атқарады.

9. Балаларды отбасында бағып-күту мен тәрбиелеуді білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Балаларды балалар ауылының отбасына беру туралы үлгі шартына сәйкес тәрбиеші ана жүзеге асырады.

### **3. Балаларды балалар ауылының отбасына іріктеу**

10. Балаларды балалар ауылы отбасына іріктеуді балалар ауылы әкімшілігі өкілінің қатысуымен, қорғаншылық және қамқоршылық органдарының жолдамасы негізінде тәрбиеші ана жүзеге асырады.

Балаларды балалар ауылының отбасына берген кезде қорғаншылық және қамқоршылық органдары олардың мүдделерін басшылыққа алады.

Балаларды отбасына беру олардың пікірі және тәрбиеші ананың тілегі ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Балалар ауылы отбасына берген кезде балалардың мүддесіне орай олардың этникалық шығу тегі, белгілі бір дінді және мәдениетті ұстанатындығы, ана тілі, тәрбие мен білім беруде сабақтастықты қамтамасыз етудің мүмкіндіктері ескерілуге тиіс.

11. Ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілер-қарындастар медициналық не басқа да себептермен бірге тәрбиеленуге болмайтын жағдайларды қоспағанда, бір отбасына берілуге тиіс.

12. Балалар ауылының отбасына берілетін әрбір балаға қорғаншылық және қамқоршылық органдары Заңның 16-бабы 4-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды балалар ауылының әкімшілігіне береді.

### **4. Тәрбиеленушінің құқықтары мен міндеттері**

13. Әрбір тәрбиеленуші балалар ауылының отбасында он сегіз жасқа толғанға дейін тұруға және тәрбиеленуге құқылы.

14. Тәрбиеленуші:

- 1) өзінің адамдық қадыр-қасиетінің құрметтелуіне;
- 2) тәрбиеші ана тарапынан қамқорлық көруге және онымен бірге тұруға;
- 3) әкімшілік, сондай-ақ тәрбиеші ана тарапынан жеке басы үшін пайдаланушылықтан қорғалуға;
- 4) отбасында өзінің мүдделерін қозғайтын кез келген мәселені шешу кезінде өз пікірін білдіруге;
- 5) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын кез келген сот немесе әкімшілік іс қарау барысында сөзін тыңдатуға құқылы.

15. Тәрбиеленушіге:

- 1) мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй алуға, үйге, сый ретінде алынған мүлікке, басқа да заңды негізде алған мұраға;
- 2) банкілік салымнан пайыздар түрінде алынған табысқа;
- 3) өзіне тиесілі тұрғын үйді жалға беруден алған табысқа;
- 4) шығармашылық, кәсіптік, еңбек және өзге де қызметтен түскен табыстарға;
- 5) ата-аналарынан алатын өзіне тиесілі алиментке, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік төлемдерге құқығы бекітіліп беріледі.

16. Жасы онға толған тәрбиеленушінің пікірі:

- 1) тәрбиеші ананың білім беру мекемесі мен оқыту нысанын таңдау;
- 2) тәрбиеші ана отбасылық тәрбие мен білім беруге қатысты мәселелерді шешуі;
- 3) сот баланы тәрбиеші анадан өздеріне қайтару туралы ата-аналардың талаптарын қарау;
- 4) сот ата-аналардың ата-ана құқықтарын қалпына келтіру туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартқан;
- 5) сот ата-аналардың ата-ана құқықтарын шектеудің күшін жою туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартқан кезде оның мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда, ескерілуге міндетті.

17. Тәрбиеленушінің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған кезде, оның ішінде балалар ауылының әкімшілігі, сондай-ақ тәрбиеші ана оны бағып-күту, тәрбиелеу, жалпы орта және кәсіптік білім алу үшін жағдай жасауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған не олар өз құқықтарын теріс пайдаланған жағдайда, баланың өз бетінше құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қорғаншылық және қамқоршылық органдарына, ал он төрт жасқа толғаннан кейін сотқа жүгінуге құқығы бар.

18. Тәрбиеленушінің бұрынғы отбасына қайта оралуы "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

19. Балалар ауылындағы отбасы қызметі балалардың мүддесі үшін ұйымдастырылады және оларды әлеуметтік қорғауға, әлеуметтік бейімдеуге бағытталған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК